



Банктік есепшотты тікелей дебеттеу арқылы төлемдерді жүзеге асыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 14 қарашадағы N 430 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 27 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 1706. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.08.2016 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол жасалмайтын төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Б а с қ а р м а с ы қа у л ы е т е д і :

1. Банктік есепшотты тікелей дебеттеу арқылы төлемдерді жүзеге асыру ережесі бекітілсін және Ереже мен осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Төлем жүйесі басқармасы (Мұсаев Р.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Банктік есепшотты тікелей дебеттеу арқылы төлемдерді жүзеге асыру ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қа б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Банктік есепшотты тікелей дебеттеу арқылы төлемдерді жүзеге асыру ережесін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н
Ұ л т т ы қ

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң

2001 жылғы 14 қарашадағы
№ N 430 қаулысымен
"Бекітілді"

Банктік есепшотты тікелей дебеттеу арқылы төлемдерді жүзеге асыру ережесі

1. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Банктік есепшотты тікелей дебеттеу арқылы төлемдерді жүзеге асыру ереже «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Ақша төлемі мен аударымы туралы» 1998 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және банктік шотты тікелей дебеттеу арқылы төлем жасаудың тәртібі мен талаптарын белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Банктік есепшотты тікелей дебеттеу - ақша жіберушіден ақша алынатын және ол ақшаны белгілі бір уақыт кезеңі ішінде және/немесе белгілі бір ақша сомасы шегінде қолданылатын ақша жіберушінің көрсетілген алу туралы алдын ала рұқсатының негізінде бенефициардың пайдасына берілетін төлем жасау әдісі.

3. Банктік есепшотты тікелей дебеттеу арқылы төлем жасау үшін ақша жіберуші мен оның банкі арасында шарт (бұдан әрі - банктік есепшотты тікелей дебеттеу шарты) жасалады, соған сәйкес ақша жіберуші оның банктік есепшотынан әкелінген тауар, орындалған жұмыс не көрсетілген қызмет үшін бенефициардың талабы негізінде ақша алуға келісім береді.

Банктік есепшотты тікелей дебеттеу шартында ақша жіберушінің банкі банктік есепшотты тікелей дебеттеу арқылы төлем жасауына негіз болған бенефициардың құжаты көрсетіледі.

Банктік шотты тікелей дебеттеу шартын ақша жөнелтушінің өтініші нысанында жасауға рұқсат беріледі, оған сәйкес ақша жөнелтуші банкке банктік шотты тікелей дебеттеу арқылы бенефициардың пайдасына ақша алуға келісім б е р е д і .

Банктік шотты тікелей дебеттеу шартының талаптарын ақша жөнелтуші мен оның банкі арасында жасалған және банктің ақша жөнелтушіге талап қоюына

негіз болатын шартта (банктік шот шарты, банктік қарыз шарты және басқалары) көрсетуге рұқсат беріледі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Бенефициардың әкелінген тауар, орындалған жұмыс не көрсетілген қызмет үшін ақы төлеу бойынша талап қоюына ақша жіберуші мен бенефициар арасында жасалған шарт немесе соған сәйкес тауар әкелінген, жұмыс орындалған немесе қызмет көрсетілген басқа да құжат негіз болып табылады.

5. Ақша жіберушінің банкі ақша жіберушінің есепшотында төлем жасауға қажетті ақша сомасы болған жағдайда банктік есепшотты тікелей дебеттеу арқылы төлем жасайды.

6. Ақша жөнелтушінің банкінің банктік шотты тікелей дебеттеу арқылы төлем жасағаны үшін жеке тариф белгілеуіне рұқсат беріледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Ақша жөнелтушінің банктік шотын тікелей дебеттеу арқылы төлемді жүзеге асыру тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Ақша жіберушінің банкі банктік есепшотты тікелей дебеттеу шартының негізінде және бенефициардың тауар әкелуді, жұмыс орындауды не қызмет көрсетуді растайтын құжаты, оның ішінде есепшот-фактура, түбіртек, хабарлама және/немесе банктік есепшотты тікелей дебеттеу шартында көрсетілген басқа да құжаттар (бұдан әрі - растау құжаттары) болған жағдайда банктік есепшотты тікелей дебеттеу арқылы төлем жасайды.

8. Бенефициар растау құжаттарының түпнұсқаларын не олардың нотариат куәландырған көшірмелерін тікелей ақша жіберушінің банкіне не бенефициардың банкіне береді.

Егер олардың арасында жасалған шартта мұндай талап көзделген болса, растау құжаттарының көшірмелерін бенефициар ақша жіберушіге жібереді.

Ақша жіберушінің растау құжаттарын кейін ақша жіберушінің банкіне беруі үшін бенефициардың оларды ақша жіберушіге беруіне рұқсат етіледі.

9. Бенефициар растау құжаттарын бенефициардың банкіне берген кезде, егер бенефициар мен бенефициар банкінің арасында жасалған шартта өзгеше

көзделмесе, бенефициардың банкі оларды алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей ақша жіберушінің банкіне жібереді.

10. Ақша жіберушінің банкі растау құжаттарын алғаннан кейін олардың банктік есепшотты тікелей дебеттеу шартындағы деректерге сәйкестігін т е к с е р е д і .

Ақша жіберушінің банкінің растау құжаттарын қарау және банктік есепшотты тікелей дебеттеу арқылы төлем жасауды орындау не себебін көрсете отырып орындаудан бас тарту мерзімі растау құжаттарын алғаннан кейін 3 жұмыс күнінен аспауы тиіс.

Растау құжаттары банктік есепшотты тікелей дебеттеу шартында көрсетілген құжаттарға сәйкес келмеген жағдайда ақша жіберушінің банкі қайтару себебін көрсете отырып растау құжаттарын бенефициарға (егер бенефициар осы банктің клиенті болып табылса) немесе кейін бенефициарға беру үшін бенефициардың банкіне (егер бенефициар басқа банктің клиенті болып табылса) қайтарады.

11. Растау құжаттары банктік есепшотты тікелей дебеттеу шартының талаптарына сәйкес келген жағдайда ақша жіберушінің банкі банктік есепшотты тікелей дебеттеу арқылы төлем жасайды.

12. Егер ақша жіберуші мен бенефициар бір банктің клиенттері болып табылса, онда банк ақша жіберушінің есепшотынан ақша алуды және оларды төлем ордерінің негізінде бенефициардың есепшотына есептеуді жүзеге асырады .

13. Егер ақша жіберуші мен бенефициар әр түрлі банктердің клиенттері болып табылса, онда ақша жіберушінің банкі төлем жасау ордерінің негізінде ақша жіберушінің банктік есепшотынан ақша алады, ақша жіберушінің банкінің өзінің төлем тапсырмасы негізінде бенефициардың пайдасына төлем жасайды. Осы төлем тапсырмасы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген әдіспен және тәртіппен бенефициардың банкіне жіберіледі.

14. Егер бенефициар және ақша жіберушінің банкі бір тұлға болып табылса, онда ақша жіберушінің есепшотынан ақша алу төлем ордерінің негізінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

15. Ақша жөнелтушінің банкі банктік шотты тікелей дебеттеу арқылы төлем жасау үшін жасаған төлем құжаттары Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1155 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Төлем тапсырмаларды, төлемдік талап-тапсырмаларды, инкассалық өкімдерді ресімдеу, пайдалану және орындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2000 жылғы 25 сәуірдегі № 179 қаулысында, сондай-ақ Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1352 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Клиент пен оған қызмет көрсететін банктің арасында қолма-қол

жасалмайтын төлемдерді жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2000 жылғы 25 қарашадағы № 433 қаулысында белгіленген тәртіпте ресімделеді және ұ с ы н ы л а д ы .

Төлем тапсырмасының «Ақша жөнелтуші» бағанында ақша жөнелтушінің банк деректемелері көрсетіледі. Қағаз тасымалдағыштағы төлем тапсырмасы уәкілетті тұлғалардың қолдарымен және ақша жөнелтушінің банк мөрі бедерімен (о л болған кезде) р а с т а л а д ы .

Төлем құжаттарының «төлем мақсаты» бағанында төлем құжатын жасауға негіз болған бенефициардың растау құжаттары, сондай-ақ банктік шотты тікелей дебеттеу шартының деректемелері көрсетіледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.02.2015 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

16. Ақша жіберуші банктік есепшотты тікелей дебеттеу арқылы төлем жасағаннан кейін ақша жіберушінің банкі ақша жіберушіге банктік есепшот шартында белгіленген мерзімде және тәртіппен оның банктік есепшотынан үзінді ұсыну арқылы оның банктік есепшотын дебеттеу туралы хабарлайды.

17. Бенефициардың банкі бенефициардың пайдасына ақша түскен кезде бенефициарға банктік есепшот шартында белгіленген мерзімде және тәртіппен есепшотынан үзінді ұсыну арқылы оның банктік есепшотын кредиттеу туралы х а б а р л а й д ы .

18. Ақша жөнелтушінің банктік шотты тікелей дебеттеу арқылы төлем жасау үшін ақшасы болмаса не жеткіліксіз болса, ақша жөнелтушінің банкіне, банктік шотты тікелей дебеттеу шартында өзгеше көзделмесе, растау құжаттарын бенефициардың банкіне (егер бенефициар басқа банктің клиенті болса) кейін оны бенефициарға беру үшін немесе бенефициарға (егер бенефициар ақша жөнелтушінің банкінің клиенті болса) қайтаруға рұқсат беріледі.

Егер бенефициар және ақша жіберушінің банкі бір тұлға болып табылса, онда ақша жіберушінің банкі, жіберушіде ақша жеткіліксіз болса не ақша болмағанда, егер банктік есепшотты тікелей дебеттеу шартында басқаша көзделмесе, төлем ордерін к а р т о т е к а ға о р н а л а с т ы р а д ы .

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19. Ақша жөнелтушінің банктік шотында ақша болмаса не жеткіліксіз болса, ақша жөнелтушінің банкінің ақша жөнелтушіге қарыз беруіне рұқсат беріледі. Қарыз беру талаптары мен өтеу тәртібі шартта белгіленеді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20. Бенефициар мен ақша жіберуші арасында банктік есепшотты тікелей дебеттеу арқылы төлем жасауға байланысты даулы мәселелер туындаған жағдайда бұл мәселелер ақша жіберуші мен бенефициар арасында жасалған шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес реттеледі.

3-тарау. Қорытынды ережелер

Ескерту. 3-тарау алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Төраға